

«Bal-Ayim2» бөбекжай-балабақшасының  
2024 –2025 жж оқу жылының  
№ 1 педагогикалық кеңесі.

29.08.2024

**Тақырыбы:** Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы

**Мақсаты:** Балабақшада оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру

**Қатысқан:** 8

**Қатыспаған:** 0

**Педкеңес төрайымы:** Ж.Ибрагимова

**Хатшы:** Ж.Алдабергенова

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық кеңестің құрмын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақшада педагогикалық ұжымына жылдық жоспары, оқу жоспары, күн тәртібін талдау, талқылау бекіту.
3. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап жұмыс жоспарын құру.  
Жауапты әдіскер
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту  
Жауапты әдіскер

**1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі:Жұлдыз Ибрагимова**

Балабақша меңгерушісі педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты.2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

**2.Тыңдалды.-** Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі.Ж.Ибрагимова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

**Сөз сөйлеген:-** Әдіскер:Ж.Алдабергенова жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын.

**Сөз сөйлеген:-** тәрбиеші: А.Төлешова 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жаңа оқу жылына алған

мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

**3.Тыңдалды:** Әдіскер:Ж.Алдабергенова Күн тәртібінде қаралатын тағы бір мәселе жас мамандарды анықтап, көмек көрсету іс-жоспарын бекіту.

### **Шешім.**

- 1)Педагогикалық кеңестің құрамына менгерушісі, әдіскер,тәрбиешілер бекітілсін.
- 2)Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер –Жазира Алдабергенова сайлансын

### **ШЕШІМ:**

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
- 3.Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2024ж, мамыр 2025ж.

**ШЕШІМ: Жас мамандармен жұмыс кестесі құрылып – жүзеге асырылсын**  
**Жауапты :Әдіскер**

- 1.Оқу барысында, көрнектіліктер жыл мезгіліне байланысты безендірулер жасау.
- 2.Қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру.

**ЖШС «Val-Ayim2» бөбекжай-бақшасының 2024 – 2025жж оқу жылының**

**№ 2 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

**27.11.2024**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» Дөңгелек үстел

**Мақсаты:** мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарының ойын құзыреттілігін арттыру. Балаларды жан-жақты дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

**Өткізген күні:** қараша

**Қатысқан:** 8

**Қатыспаған:** 0

**Педкеңес төрайымы:** Ж.Ибрагимова

**Хатшы:** Ж.Алдабергенова

**Күн тәртібінде:**

**1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.**

**Бөбекжай-бақша меңгерушісі:**

**Ж.Ибрагимова**

**2. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары» баяндама**

**Тәрбиеші: А.Төлешова**

**3. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағаты**

**Тәрбиеші: М.Тоқшылықова**

**4. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-әрекеттерді циклограмма енгізу.**

**Әдіскер: Ж.Алдабергенова**

**5. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.**

**Педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті**

**1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Жұлдыз Ибрагимова**

№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың қаншалықты орындалғанына назар бөліп, толықтырылмаған жұмыстарға белгілі уақыт белгілеп, орындалуын

талап етті. Және атқарылған шаруаларды толық қанағаттанбағандығын атап өтті.

**2. Тыңдалды : Тәрбиеші: А.Төлешова** Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі дөңгелек стол басында талқылау жұмыстарын

өткізіп, дене шынықтыру мен сауықтыру қызметінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтетіндігін айта отырып, тәжірибе түрінде бірлесіп, ортаға салды.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылатындығына барлық тәрбиешінің көзін жеткізді.

Сонымен бірге, стол барысындағы әңгімеде -бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды, сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет екендігіне көз жеткізді.

**3. Тыңдалды: Тәрбиеші: М. Тоқшылықова**

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағатын жүргізді. Шеберлік сағаты нені қамтыды:

1. Қозғалыс белсенділігін дамыту және үйлестіру, денешынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру;
2. Денсаулықты нығайтуға көмектесетін ептілік, жылдамдық және үйлестіре жүру, жүгіру, секіру, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту;
3. нейрөгимнастикалық ойындарды тиімді ұйымдастыру
4. ритмикалық ойындар ойнауда әуендерді дұрыс тандау
5. Салауатты өмір салты туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.

Осыған байланысты нұсқаудың негізгі мақсаты – аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құралдар мен технологияларды көрсету. Туралы мәлімет беріп, келешекте оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен пайдалануға кеңес берді.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

Тыныс алу жаттыгулары

Жалпактабандылыктын алдын — алу жаттыгулары

Сымбатты түзету жаттыгулары

Көзге арналган жаттыгулар

**4. Тындалды.Әдіскер:Ж.Алдабергенова.**Тәрбие процесіндегі өзгерістер бойынша Әдіскердің нұсқаулары бойынша педагогикалық процестерде балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттыруға бағытталған тақырыптық іс-әрекеттер енгізіліп , барлық іс-әрекеттер кіріктірілген күйінде көрсетілу қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар жоспар бойынша режимдік сәтке біртұтас бағдарламасы аясында құрылған тақырыптар көрініс табу қажеттігі айтылды. Біртұтас бағдарламасы аясындағы жоспарға сәйкес тақырыптар балалардың жас ерекшелігіне қарай топтың деңгейіне қарай ұйымдастырыу қажет екендігі ескертіліп айтылды.Бағдарлама бойынша іс-әрекеттер перспективалық жоспарға жазылмайтындығын, себебі біртұтас бағдарламада МДҰ бағдарламасы ескерілгендігі айтылды.

### Шешім:

1. Педкеңесте қозғалған өзекті оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты іс-шараларды жүзеге асырып, қорытындысын келесі кеңесте талқылау
2. балабақша тәртібін сақтап, жұмысты одан әрі жандандыру.
- 3.Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жоспар іс-әрекеті режимдік сіттерде көрініс тапсын

Төрайым:

Хатшы :



Ж.Ибрагимова

Ж.Алдабергенова

## №1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық»

**Өткізілген күні:** 2025 ж. қыркүйек айы

**Өткізілген орны:** Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

**Қатысқандар:** Әдіскер, тәрбиешілер, педагог, медбике

### Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
  - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
  - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
  - Электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар).
5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
6. Ағымдағы мәселелер.

### Тыңдалды:

#### 1. Әдіскер сөзі.

Жаңа оқу жылына дайындық барысы жан-жақты түсіндірілді. Педагогикалық құжаттарды цифрлық форматта жүргізудің маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Әсіресе перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг кестелері енді электронды түрде толтырылып, сақталуы тиіс екендігі түсіндірілді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жеке даму жоспарын құрып, электронды портфолиосын жинақтауы қажет екендігі ескертілді. Электронды портфолио педагогтың кәсіби дамуының айқын көрсеткіші болатынына тоқталды.

#### 2. Тәрбиешілердің пікірлері.

Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ҰІӨ-ге (ұйымдастырылған іс-әрекетке) қатысу педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті. Бір-бірінің сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

#### 3. Медбике сөзі.

Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі – оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн (ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) және оффлайн (жеке әңгіме, ойын жаттығулары, топтық серуен, бейімдеуші сабақтар) әдістерді қатар қолданудың маңызы түсіндірілді. Психолог балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау, ата-аналарға кеңес беру және бейімделу кезеңінде баланың өзін жайлы сезінуіне көмектесетін практикалық жаттығулар ұсынды.

Балалардың жан-жақты дамуы үшін ата-анамен үздіксіз байланыста болу қажеттігі айтылды. Бұл бағытта мобильді қосымшаларды, чат-боттарды, мессенджер топтарын пайдалану тиімді екендігіне тоқталды. Ата-аналарға күнделікті ақпарат беріп отыру, баланың жетістіктерін бөлісу, түрлі хабарламаларды жылдам жеткізу – цифрлық байланыс құралдары арқылы әлдеқайда жеңіл болатыны айтылды. Сонымен қатар музыка жетекшісі балалардың шығармашылығын дамытудағы ата-ана ынтымақтастығын, логопед сөйлеу дағдысын жетілдірудегі ата-ананың қолдауын цифрлық орта арқылы ұйымдастырудың жолдарын ұсынды.

#### 5. Әдіскер сөзі.

Мектепке дейінгі мекемеде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда:

- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану;
- **Quiver** – балалардың суреттерін AR (қосымша шындық) арқылы жандандырып, қиялын дамыту;
- **Merge Cube** – 3D үлгілерді қарау арқылы танымдық қызығушылықты арттыру;
- ойын платформалары арқылы (Umaigra және т.б.) баланың логикалық ойлауын, тілін дамыту.

Жасанды интеллект технологиялары балалардың қызығушылығын оятып, оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретініне баса назар аударылды.

#### Қаулы қабылданды:

1. Педагогтар 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын электронды түрде толтырсын.
2. Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.
3. Электронды портфолио жинақтау жұмыстарын қазан айына дейін аяқтау.
4. Педагогтар өзара ҰІӘ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі үшін онлайн және оффлайн әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.
6. Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.
7. Әдіскер мен педагогтар жасанды интеллект технологияларын тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырсын.
8. Ағымдағы мәселелер бойынша жеке жауаптылар бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Т.Айқодықова  
Ж.Алдабергенова